

Флэш-карты Адамның тыныс алуы 7кл




Проверьте себя
с помощью карт с
подсказками на лицевой
стороне и ответами
на обратной стороне.



«Суретті сөйлет»








Тынысалу мүшелері. Адамның тынысалу жолдарының құрылысы мен газалмасу мүшелері

7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін танып білу;



Сабақ мақсаттары

- Тыныс алу мүшелері ауруларының негізгі себептерін түсіндіреді;
- Зиянды әдеттердің өкпеге әсерін талдайды;




Ауру тудырғыш микроорганизмдер адамдардың тыныс мүшелері ауруларын қоздыра түседі



Тыныс алу мүшелерінің аурулары


Өкпе обыры (рак).

- 1) темекіні шегу
- 2) қоршаған ортадан радиоактивті заттардың өкпеге түсуі.
- 3) автомобиль пайдаланған газының құрамында болатын зиянды заттармен (негізінен ауыр металдармен) тыныс алу;
- 4) зиянды өндіріс қалдықтарының ауадан өкпеге түсуі.



Бронхы демікпесі

бронхылардың күрт тарылуынан (спазм) байқалатын созылмалы қабыну.
Бұл аурудың сырттай белгілері: тоқтамай жөтеліп, кейде тұншығып қалу



Тұмау



Ауа-тамшысы жолмен тыныс алу мүшелері арқылы берілетін вирустық жұқпалы аурулар. Көбінесе жоғары тыныс алу жолдары жұмысының бұзылуынан, жалпы ағзаның әлсіреуінен және бүкіл ағзаның улануынан байқалады.

Туберкулез



- Бактерия – кох таяқшасы тудыратын өкпе ауруы. Туберкулез кезінде ағза әлсірейді.
Ең басты сатысында адамда
- әлсіздік, салмақ жоғалту, тәбеті болмау, түнде терлеу белгілері байқалады.
- Кештеу сатысында адам жөтеледі. Туберкулез – өлім тудыратын қауіпті инфекция, дер кезінде емдесе адам толық айығып кетеді.
- Туберкулез кезінде ең басты шарт дер кезінде дәрігерге қаралып емделу керек

Тыныс алу мүшелерінің гигиенасы

- Тыныс алу мүшелері гигиенасына ең алдымен мұрын арқылы дұрыс тыныс алу жатады, ал дұрыс тыныс алу кеуде қуысы дұрыс дамыған кезде ғана мүмкін болады.
- Ол үшін жүйелі түрде таза ауада дене жаттығуларымен айналысып, тұрғынжай тазалығын, сондай-ақ жеке бастың гигиеналық ережелерін сақтау керек.



Тапсырма 1.Топтық жұмыс «Джигсо» әдісі

Топ 1 – «Ауа ластануы»

Шаң, түтін, автокөлік газдары → тыныс жолын тітіркендіреді

Ластанған ауа микробтың көбеюіне жағдай жасайды. Ауа ластануы тыныс мүшелеріне қалай әсер етеді?
тақырыбында постер.



Дескрипторалар:

- 1)Ластанған ауаның 2–3 әсерін дұрыс атайды;
- 2) Мәтін мен суреттен ақпаратты талдайды;
- 3) Постерді құрылымды және түсінікті жасайды;

Топ 2 – «Микробтар және тұмау»

Тұмау вирусы ауа-тамшы жолымен таралады. Инфекцияның жұғу жолдары және алдын алу.

Тұмаудың таралу механизмін және сақтану жолдарын бейнелейтін инфографика құрастырыңдар.



Дескрипторлар:

- 1) Тұмаудың таралу жолдарын дұрыс түсіндіреді;
- 2) Инфекциядан сақтану жолдарын атайды;
- 3) Инфографикада ақпаратты дәл және көрнекі орналастырады;

Топ 3 – «Темекінің зияны»

Шылым шегетін және шекпейтін адамның өкпесі. Өкпе тінінің қараюы, альвеолалардың өлуі. Пассивті шылым шегудің қауіптілігі. «Темекісіз өмір» тақырыбында ұсыныстар тізімін жасайды.



Дескрипторлар:

- 1) Темекінің өкпеге зиянын ғылыми тілмен түсіндіреді;
- 2) Пассивті шылым шегудің кемінде 2 қаупін атайды;
- 3) Темекісіз өмір - ұсыныстарын нақты және орындалатын түрде құрастырады;

Тапсырма 2. Жұптық жұмыс
Ойлан – жұптас – бөліс әдісі
Кесте

Фактор	Әсері	Мысал
Микроорганизмдер		
Ауа ластануы		
Темекі түтіні		



1-кезең: Ойлан

Әр оқушы жеке мәтінді оқып, 3 факторды дәптеріне жазып алады.

2-кезең: Жұптас

Жұптар өз жауаптарын салыстырады, кестені бірге толтырады.

3-кезең: Бөліс

Жұптар сыныпқа өз тұжырымдарын айтады.

Дескрипторлар:

- 1) мәтіннен 3 негізгі зиянды факторды дұрыс анықтайды – 3 балл;
- 2) әр фактордың ағзаға әсерін түсіндіреді – 1 балл;
- 3) факторға нақты мысал келтіреді – 1 балл;

Тапсырма 3. Жеке жұмыс

Функционалдық сауауттылық тапсырмасы

Мәтін: Мектеп дәлізіндегі ауа сапасы

Қыс мезгілі. Үзіліс кезінде дәлізде көптеген оқушылар жиналады. Терезелер ашылмайды. Бірнеше бала басының ауырғанын, ауа тапшылығын сезінеді. Ал екі оқушы тұмау белгілерімен жөтеліп, түшкіреді.

Тапсырма сұрақтары:

- Жағдаяттағы тынысалу мүшелеріне әсер ететін 3 зиянды факторды атаңыз.
- Ауа дұрыс желдетілмегенде ағзада қандай биологиялық өзгерістер болады?
- Тұмаудың ауа-тамшы жолымен таралуы осы дәлізде қалай жүреді?
- Шаң мен микробтың көбеюі қандай ауруларға әкелуі мүмкін?
- Бұл жағдайды жақсарту үшін мектеп қандай алдын алу шараларын қолдануы керек?
- Өз денсаулығыңызды қорғау үшін 3 жеке әрекет ұсыныңыз



Дескрипторлар:

- 1) жағдаяттағы үш зиянды факторды дұрыс анықтайды – 1 балл;
- 2) оттек тапшылығы, микроб таралуы сияқты биологиялық өзгерістерді түсіндіреді – 1 балл;
- 3) тұмаудың ауа-тамшы жолымен таралу механизмін талдайды – 1 балл;
- 4) кемінде 3 алдын алу шарасын ғылыми негізбен ұсынады – 1 балл;
- 5) өз денсаулығын қорғауға арналған жеке әрекеттерді атайды – 1 балл;



«Ауа сапасы – менің сезінуім» рефлексиясы

1-аймақ: «Мен білдім...»

2-аймақ: «Маған қиын болғаны...»

3-аймақ: «Келесіде мен...»

